

«Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті»
Коммерциялық емес
акционерлік қоғамы



Некоммерческое
акционерное общество
«Казахский национальный
университет имени
аль-Фараби»

Құжат нөмері

Версия

Енгізу уақыты:

Келесі
қарастырылу
уақыты

1

1

2023 ж.

2027 ж.

Құжат аты:

**Халықаралық рейтингтік басылымдарда
университет ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушыларының
жарияланымдық белсенділігін ынталандыру
жөніндегі шаралар жүйесі туралы Ереже**

Бекітілді:

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ Ғылыми
Кенесінің шешімімен № ____ « ____ » ____ 2023 ж.

Лауазымы

Аты-жөні

Қолы

Келісілді:

Академиялық мәселелер
жөніндегі Басқарма мүшесі
– проректор

Л.К. Еркинбаева

Келісілді:

Қаржылық қызмет
жөніндегі Басқарма мүшесі
– проректор

К.Н. Абдуллаев

Келісілді:

Экономика және қаржы
департаментінің
директоры

Н.А. Иманалиева

Келісілді:

Заң және құжаттармен
қамтамасыз
ету
департаментінің
директоры

Г.С. Жолдасбаев

Келісілді:

Стратегиялық даму
орталығының директоры

Г.С. Минажева

Келісілді:

Адам ресурстарын
дамыту департаментінің
директоры

А.С. Калтаев

Әзірленді:

Ғылым және
инновациялық қызмет
жөніндегі департамент
директоры

Ж.А. Бурибаев

Әзірленді:

Ғылым және басылым
белсенділігі
басқармасының басшысы

М.К. Исанова

Алматы, 2023 ж.

	«Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Күні: _____ 2023 ж.	Баспа: үшінші
	Халықаралық рейтингтік басылымдарда университет ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушыларының жарияланылған белсенділігін ынталандыру жөніндегі шаралар жүйесі туралы Ереже	ҚазҰУ ережесі	Б. б-дан 2

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Осы Ереже халықаралық рейтингтік басылымдардағы жарияланым белсенділігінің нәтижелері бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұдан әрі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Университет) профессор – оқытушылар құрамын (бұдан әрі – ПОҚ), қызметкерлерін, постдокторанттарын және білім алушыларын ынталандыру шараларын белгілеу мақсатында өзірленді.

1.2. Осы Ереженің мақсаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ПОҚ мүшелерін, қызметкерлерін, постдокторанттары мен білім алушыларын әлемдік ғылыми кеңістікке интернационалдандыру және интеграциялау, сондай-ақ беделі жоғары жоғары рейтингті халықаралық басылымдарда жариялауға ынталандыру болып табылады.

1.3. Материалдық сыйақы түріндегі ынталандырулар осы Ережеде көрсетілген тәртіп пен талаптарды қанағаттандыратын халықаралық рейтингтік басылымдардағы жарияланым белсенділігінің нәтижелері үшін жүзеге асырылады.

1.4. Осы Ереже Web of Science және/немесе Scopus деректер базасында индекстелеңтін басылымдарда жарияланған Университет қызметкерлерінің жарияланым белсенділігін материалдық ынталандыру шараларын ұйымдастыруға, материалдық ынталандыру мақсатында қарауға қабылданатын жарияланымдарға қойылатын талаптарды және авторлық үлесті, төлемдерді есептеу мен жүзеге асыруға қойылатын талаптарды растайтын құжаттарды айқындайды.

2. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР

2.1. Ынталандыру шаралары Web of Science (Clarivate Analytics) және/немесе Scopus (Elsevier) дерекқорларында индекстелеңтін халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланғаны үшін күнтізбелік жартышылдық қорытындылары бойынша университеттің ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушыларын көтермелей бағыты бойынша ұсынылады.

2.2. Запрещено одну и ту же статью, отвечающую требованиям, указанным в п.3.1. настоящего Положения, заявлять для стимулирования и для учета обязательств по постдокторантуре и по снижению педагогической нагрузки, также профессору-исследователю и доценту-исследователю.

Осы Ереженің 3.1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін мақаланы ынталандыру тізіміне есепке алуға, сондай-ақ педагогикалық жүктемені азайту және постдокторантуре, доцент-зерттеуші мен профессор-зерттеуші міндеттемелерін жабуға тыйым салынады.

	«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАК	Күні: _____ 2023 ж.	Баспа: үшінші
	Халықаралық рейтингтік басылымдарда университет ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушыларының жарияланысың белсенділігін ынталандыру жөніндегі шаралар жүйесі туралы Ереже	ҚазҰУ ережесі	Б. 6-дан 3

3. ФЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1. Web of Science және/немесе Scopus дерекқорларында индекстелетін халықаралық рейтингтік басылымдарда жарияланғаны үшін күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша университеттің ПОҚ, қызметкерлері, постдокторанттары мен білім алушыларын ынталандыру талаптары:

- Журнал күмәнді беделге ие, «жыртқыш» және/немесе жалған тізімдер қатарында болмауы керек (сарапшы Джейффри Бэйллдің критерийлеріне сәйкес);
- Үнталандыруға тізім жасау кезінде журнал Web of Science деректер базасы бойынша нәлдік емес импакт-факторы және/немесе Scopus базасы бойынша $SJR \geq 0,1$ болуы тиіс;
- Тек журналдың тұрақты нөмерлері мен басылымдарында және/немесе арнайы шығарылымдарында (Special Issue) жарық көрген мақалалар ескеріледі, қосымшада жарияланған жарияланым есептелмейді (Supplement);
- Толыққанды зерттеу мақалалары ғана қарастырылады (Article және Review). Конференция материалдары мен тезистері, кітаптар мен монографияларда жарияланған аннотация-мақалалар, редакторлық хаттар мен қысқаша абстракт мақалалар есепке алынбайды;
- Тек ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде жарияланған мақалалар ескеріледі және олар ынталандыру тізімін жасау кезінде Scival/Scopus және Web of Science базаларында болуы тиіс;
- Тізімге автор аффилиацияда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атауының ағылшын тілінде әмбебап жазылуын көрсеткен мақалалар ғана енеді – Al-Farabi Kazakh National University;
- Сондай-ақ, тізімге университет білім алушылары мен PhD докторантурасында жасағылымдар аффилиацияға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ атауының ағылшын тілінде әмбебап жазылуын көрсеткен жағдайда, мақалалары ескеріледі.

4. ҮНТАЛАНДЫРУ ҮШІН АВТОРЛАР ТІЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

4.1. <http://apps.webofknowledge.com/> и <http://scopus.com> и/или scival.com сайттар мониторингі негізінде университеттің ғылым және инновациялық қызмет департаментінің (бұдан өрі - ФИҚД) қызметкерлері ынталандыру үшін осы Ереженің 3.1-тармағында көрсетілген талаптарға жауап беретін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аффилиациясын көрсеткен өр мақалаға бір автордың аты-жөнін көрсете отырып, өр күнтізбелік жылдың 15 мамыры мен 15 желтоқсанынан кешіктірмей мақалалар тізімін жасайды.

	«Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Күні: _____ 2023 ж.	Баспа: үшінші
	Халықаралық рейтингтік басылымдарда университет ПОҚ қызметкерлері мен білім алушыларының жарияланысын белсенділігін ынталандыру жөніндегі шаралар жүйесі туралы Ереже	ҚазҰУ ережесі	Б. б-дан 4

4.2. ФИҚД қызметкерлері жасаған мақалалар тізімін ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор бекітеді. Тізімді жасау кезінде туындаған даулы мәселелер мен сұрақтар «Scopus және Web of Science дерекқорында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ авторларының ғылыми жарияланымдарының сапасын талдау жөніндегі комиссия туралы Ережеде» көрсетілген тәртіппен шешіледі.

4.3. Кафедра менгерушісі комиссияның кезекті отырысына дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссия хатшысына Scopus және/немесе Web of Science халықаралық деректер базасына кіретін ғылыми жарияланым, басылым, баспа туралы толық ақпараттен бірге 1-қосымшада көрсетілген нысанға сәйкес мөрмен және қол қойылған куәландырылған электрондық форматта (doc, docx) және қағаз түрінде өтінім береді, сондай-ақ өтінімде қарастырылып отырған мақала жарияланған басылымның веб-сайтында мақаланы онлайн жүктеу жүйесіндегі корреспондент автордың аккаутына кіретін логин мен пароль болуы маңызды.

4.4. Комиссия сапалық және сандық критерийлерге сәйкес университет авторларының Scopus және/немесе Web of Science дерекқорында жарияланған ғылыми мақалалардың басылымдары мен журналдарына сараптама жүргізеді және хаттама жасайды.

4.3. Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор ынталандыру үшін авторлар тізімімен бірге Басқарма Төрағасы – Ректордың атына ұсыныс дайындаиды.

4.4. Авторларды ынталандыру үшін Осы Ереженің 5 – тармағына сәйкес әрбір автор үшін сыйақы мөлшері көрсетілетін Басқарма Төрағасы-Ректордың бүйрығы негіз болып табылады.

4.5. Егер мақала Web of Science және Scopus дерекқорларына кіретін болса, онда сыйақылар SCImago Journal Rank дерекқорындағы квартиль мен журналдың SJR градациясына сәйкес келетін мөлшерде бір рет қана төленеді.

5. ТӨЛЕМ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ҮНТАЛАНДЫРУ МӨЛШЕРИ

5.1. Жыл сайын 20 мамыр мен 20 желтоқсанға дейін ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректоры қаржы қызметі жөніндегі Басқарма мүшесі – проректормен келісіп, салықтарды, зейнетакы және өзге де аударымдарды ескере отырып, сыйақының жалпы мөлшерін жоспарлайды.

5.2. ФИҚД қызметкерлері SCImago Journal rank Дерекқоры бойынша журналдың SJR бойынша бекітілген ғылыми мақалалар градациясына сәйкес мақалаларға берілетін мөлшердің ранжириң, сондай-ақ Scopus және Web of Science дерекқорындағы 1 және 2 квартильді журналдардың процентиль

	«Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Күні: ____ 2023 ж.	Баспа: үшінші
	Халықаралық рейтингтік басылымдарда университет ПОҚ қызметкерлері мен білім алушыларының жарияланылған белсенділігін ынталандыру жөніндегі шаралар жүйесі туралы Ереже	ҚазҰУ ережесі	Б. б-дан 5

көрсеткіші бойынша сыйақыға үстемеақы мөлшерін жасайды.

5.3. Жыл сайын ФИҚД және ЭҚД (экономика және қаржы департаменті) 20 қаңтарға дейін қаржыландырудың жалпы мөлшерін және ең төменгі жалақыға сәйкес ғылыми мақалалардың градациясын бекітеді

5.4. Төлем мөлшері әрбір авторға бекітілген градацияға сәйкес анықталады, сондай-ақ қосымша төлем мөлшері ғалымның лауазымына, ғылыми дәрежелеріне, атақтарына және басқа да сипаттамаларына байланысты берілмейді.

5.5. Рейтингтік Жарияланымдар үшін төлемнің жалпы мөлшері Басқарма Төрағасы – Ректордың бүйрығымен бекітіледі, онда әрбір автор үшін сыйақы мөлшері көрсетіледі.

5.6. Әр мақаланың сыйақысы тек бір авторға жеке банктік шотқа біржолғы аудару арқылы ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор бекіткен тізім бойынша беріледі.

5.7. Авторларға сыйақы төлеу әр күнтізбелік жартыжылдықта мамыр және желтоқсан айларының сонында бір рет жүзеге асырылады.

5.8. Рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар үшін сыйақылар авторлық ұжымның барлық мүшелері, оның ішінде шетелдік мүшелер арасында тең үлестерде не әрбір тең автордың авторлардың ұжымдық шешімі бойынша мақала жазуға қосқан үлесіне сәйкес бөлінеді.

5.9. Университет жарияланымның тең авторлары арасында сыйақыны бөлуді ұйымдастыру бойынша міндеттемелеріне жауап бермейді және талаптарын қарастырмайды.

5.10. Мақалалары Осы Ереженің 3-тармағының талаптарына сәйкес келетін автордың аты-жөні ынталандыру үшін көрсетілген тұлғалар, сол уақытта университетте жұмыс істемесе немесе оқынайтын болса, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыйақы алу үшін келісімшарт жасауға, сонымен қатар, орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін, Scopus базасында жарияланған мақаласын ұсынуға және жеке күеліктің көшірмесі мен 20-таңбалы банк шотының нөмерін беруге міндетті (2,3-қосымшалар).

5.11. Егер осы Ереженің 3.1-тармағының талаптарына жауап беретін жарияланымның авторы ағымдағы күнтізбелік жартыжылдықтың қорытындылары бойынша сыйақы алмаған жағдайда, онда бұл тұлға келесі күнтізбелік жартыжылдықта ынталандыру ретінде сыйақы алу үшін өтінім беруге құқылы.

	«Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ	Күні: _____ 2023 ж.	Баспа: үшінші
	Халықаралық рейтингтік басылымдарда университет ПОҚ қызметкерлері мен білім алушыларының жарияланылдық белсенділігін ынталандыру жөніндегі шаралар жүйесі туралы Ереке	ҚазҰУ ережесі	Б. б-дан 5

6. ЕРЕЖЕ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

6.1. Осы Ереженің орындалуын бақылау Университеттің ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі – проректорға және қаржы қызметі жөніндегі Басқарма мүшесі – проректорға жүктеледі.

6.2. Осы Ереже Университеттің ғылыми кеңесі бекіткен күннен бастап занды күшіне енеді.